

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ

Мамышев Султанбек Оракбаевич

m.s.93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
БМ030100 «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.д, профессор Қаржаубаев Ербол Қазіұлы

Қазіргі таңда қылмыстылық ауырлап, әртүрлі елдердегі ұйымдасқан қылмыстық топтар өзара тығыз байланыс орнатып, бір мемлекетте қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыскерлер, өзге мемлекетке жасырынып, тұрғылықты жерін жиі ауыстыруда. Мұның барлығы экстрадиция мәселесін өте өзекті етіп отыр. Осы арада көптеген мемлекеттер шет елдерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған өз азаматтарын ұстап беруге мүдделі еместігі байқалады. Ал өзге елдер өз кезегінде өздерінің қылмыскерлерін ұстап беруге ат салысатынын да айта кету қажет.

Экстрадицияның құқықтық табиғатын түсіну біртекті емес. Кейбір ғалымдар қылмыскерді ұстап беру – бұл туралы шешімді жиі сот емес, үкімет не оның қандай да бір органы қабылдайтындықтан экстрадицияны таза әкімшілік мәселе деп санайды. Осы арада қылмыс жасаған адамды өзге елге белгілі-бір процестік кепілдіктер сақтала отырып ұстап беруіне орай экстрадицияны қылмыстық-процестік құқықтың элементі ретінде қарастыруға болады. Экстрадицияны сондай-ақ қылмыстық құқықтың бөлігі ретінде, нақтырақ айтқанда – жаза атқару институты ретінде санауға болады.

Әр түрлі елдердің заңнамасы экстрадиция табиғаты туралы мәселені әрқалай шешеді. Мысалы, Италияда қылмыскерлерді ұстап беру туралы нормалар Қылмыстық Кодексында көрсетілген. Ресейдің Қылмыстық Кодексында де ұстап беру туралы бап бар.

Қылмыскерлерді ұстап беру жөнінде Ресей, Франция, Германия, Ирландия, Италия, Португалия, Испания Конституцияларында көрсетілген.

Еуропа елдерінде тәжірибеде экстрадиция мәселелерін сот органдары, дәлірек айтқанда әдеттегі қылмыстық соттар шешеді. Осыған байланысты көптеген елдер қылмыскерлерді ұстап беруді төтенше соттар немесе ad hoc соттары арқылы шешуге болады деп есептейді.

Бұл институтты сынға алушы көптеген ғалымдар мемлекеттер арасындағы экстрадицияға қатысты келісімшарттар әрқашан адам құқығы жөніндегі Пактіге сәйкес келе бермейтінін айтады. Осыған байланысты мысалдардың бірі – бұл бірнеше жылға созылатын қылмыскерді ұстап беру туралы келісімдер кезінде кінәлілігі сотпен дәлелденбеген азаматтың осы уақыт аралығында қамауда отыратыны. Сондықтан да экстрадиция туралы келісімшарт адам құқы туралы пактілерде жалпы танылған қағидалар мен нормалар, ішкі заңдарға сыйластық таныта отырып, жасалуы тиіс.

Бірақ аталған қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтарға қарамастан халықаралық қылмыстық құқық бұзушылықпен күресте экстрадициясыз жұмыс жасау мүмкін емес десе де болады.

Бұрынғы КСРО құқықтық көмек жөнінде біршама келісімшарттар жасасқан болатын, олардың қатарында: ҚХДР (1957), Польша (1958), Румыния (1959), Албания (1958), Венгрия (1958), Югославия (1962), Моңғолия (1988), Финляндия (1978) және өзге де елдер бар.

КСРО тараған соң әрбір бұрынғы кеңес елдері егемендік алып, жаңа Қылмыстық кодекстерін қабылдаған кезде, ТМД елдеріне қылмыскерлерді ұстап беруді реттеу өте өзекті мәселе болды. Көп жағдайда мемлекеттер арасында тиісті келісімшарттар болған жоқ, тәжірибе жүзінде экстрадиция әр түрлі елдердің ұлттық қауіпсіздік немесе ішкі істер министрліктері мен прокуратура органдары арасындағы нақты келісімдер негізінде реттеліп отырды.[1]

90-ыншы жылдардың басында криминалды топтардың әсері арта түсті. Соның салдарынан аймақаралық және транснационалды байланыстары бар қылмыстық топтармен жасалатын қылмыстылық деңгейі артты.

Қылмыстық топ қатысушылары экономика мен қаржы-банк құрылымдарына кері әсер етті, көлеңкелі капиталдар құрылды, мұндай топтар заң, атқарушылық және басқару құрылымдарына қысым көрсете отырып, мемлекеттік орган қызметіне араласты, саяси, ұлттық және діни алауыздықтарды қоздырды.

Аталған қылмыстылықтармен күрес жүргізуде экстрадиция институты ерекше рөл атқарады. Аталған институт халықаралық (халықаралық келісімшарттар, конвенция) және жекелеген елдердің ұлттық заңдары (Конституция, Қылмыстық Кодекс, Қылмыстық-процестік Кодекс, «қылмыскерлерді ұстап беру туралы» арнайы заңдар) шекарасында тоғысады. Бірақ, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде де, ТМД мемлекеттері заңнамаларында да, Минск Конвенциясында да, сондай-ақ экстрадиция мәселесін регламенттейтін Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімшарттарда да экстрадиция түсінігіне нақты анықтама көрсетілмеген. Бұл Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығындағы кемшілік болып табылады. [2]

Экстрадиция институтының мәні жалпыға танымал қағидаға негізделеді: «aut dedere aut judi care» - қылмыс жасаған тұлға қылмыс жасалған елде немесе қамауға алынған елде не қылмыстан айтарлықтай залал келтірілген елде қатал жазаға тартылуға тиіс. Қазақстан Республикасында осыған орай заңнамалық актілерде жекелеген нормалардың болғанына қарамастан, Қазақстан Республикасында АҚШ, Ұлыбритания, Голландия, Германия немесе өзге елдердегідей арнайы заң жоқ. Қазақстан Республикасы Минск Конвенциясы негізінде тәжірибеде екі жақты келісімшарт жасасуға мүдделі. Экстрадицияның құқықтық қайнар көздері ретінде жекелеген халықаралық сипаттағы қылмыс түрлерімен күрес жүргізу бойынша көпжақты келімдер (мысалы, 1968 жылғы адамзатқа қарсы қылмыстар мен әскери қылмыстарға ескіру мерзімін қолданбау туралы Конвенция; 1970 жылғы әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес жүргізу туралы Гаага Конвенциясы; 1988 жылғы есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымымен күрес жүргізу туралы БҰҰ Конвенциясы және т.б.), құқықтық көмек көрсету жөніндегі аймақтық және екіжақты келісімдер (мысалы, 1959 жылғы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы ЕО Конвенциясы; 1993 жылғы Минск Конвенциясы; 2003 жылғы Кишинев Конвенциясы).

Қазақстан Республикасының Конституциясының 11 бабында былай деп көрсетілген: «Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды».[3]

Ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 9 бабында адамдарды ұстап беру жөнінде нормалар көрсетілген. Олар бойынша: Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін. Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды.[4]

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодесінің 60 тарауы адамдарды ұстап беруге (экстрадицияға) арналады. Аталған Кодекс бойынша адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхат жазбаша нысанда жасалады және онда:

- іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органның атауы;

- күдіктінің (сотталған адамның) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, азаматтығы туралы деректер, фотосуреттері;
- жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін заңның мәтінін келтіріп, санкциясын міндетті түрде көрсете отырып, осы қылмыстың нақты мән-жайларының жазылуы;
- заңды күшіне енген үкімнің не күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылған жері мен уақыты туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.[5]

Қазіргі таңда қылмыстылықпен күрес жүргізуде қызмет атқаратын халықаралық ұйымдардың рөлі артуда. 1992 жылы 4 қарашада Интерпол Бас Ассамблеясының 61 сессиясында Қазақстан Республикасы Интерполдың мүшесі болып қабылданды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті өзінің 1993 жылғы 20 шілдедегі № 629 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне халықаралық қылмыстық полиция (Интерпол) ұйымының Ұлттық Орталық Бюросын құруға тапсырма берген болатын. [6]

Бұл Қазақстанның өзге мемлекеттермен қылмыстық құқық бұзушылықтар мен экстрадиция саласында үлкен көлемдегі ынтымақтастықта екендігін білдіреді.

Қорыта келе қазіргі таңда Қазақстанда өзге елдердегідей қылмыскерлерді ұстап берудің теориялық және тәжірибелік мәселелерін реттейтін экстрадиция туралы арнайы заңның жоқ екендігін атап өткім келеді. Бірақ, соған қарамастан өзге елдермен азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету бойынша жасасқан екіжақты келісімшарттар жоғары да аталған экстрадиция мәселелері бойынша кемшіліктердің орнын толықтыруда.

Қолданылған әдебиет

1. Международное уголовное право. Учебн.пособие/Под общей ред. В.Н. Кудрявцева. 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Наука, 1999. – 264 с.
2. Валеев Р.М. Выдача преступников в современном международном праве. (Некоторые вопросы теории и практики). Казан.,Казанский университет,1976 год.- С.128.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995 ж.
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі.–Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 204 б.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 344 б.
6. Токсанбаев А.Б. Организационно-правовые основы создания и правовой статус НЦБ Интерпола в РК,2002 год., № 4 , с.49-53.

ВОЖДЕСТВО КАК ФОРМА ПРАВЛЕНИЯ НА ПРИМЕРЕ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В XIII ВЕКЕ

Манган-оол Маадыр Салчакович

nngmath@mail.ru

Научный руководитель: старший преподаватель кафедры гражданского права и процесса
Ширижик Вячеслав Михайлович.

Теория вожества является наиболее спорным и фундаментальным исследованием западной науки в области полит. антропологии. В рамках теории государства и права вожество принято делить по схеме социальной интеграции на: локальную группу— общину— вожество или ранее государство и государство. При этом вожество является переходным этапом между общиной и государством, т.е. первым шагом к созданию государства. К созданию иерархии органов власти, с делением функции управления в обществе между властью и подчиненными и установлением определенных правил поведения, основанных на обычаях в обществе.